ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

САЛАЛЫҚ КОНЪЮНКТУРАЛЫҚ ШОЛУ

Кәсіпорындарға жүргізілген пікіртерімнің нәтижесі (салалар: тау-кен өндіру және өңдеу өнеркәсібі, құрылыс, сауда, көлік және қоймада сақтау, ауыл шаруашылығы)

2026 жылғы III тоқсан

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің
Ақша-кредит саясаты департаменті

Мазмұны


1. Салалық құрылым
2. Бәсекелестік орта
3. Сұраныс пен баға динамикасы
4. Өндіріс көлемі және еңбек шығындары
5. Өндірістік қуаттарды пайдалану деңгейі
6. Кәсіпорындардың қаржылық көрсеткіштері
7. Инвестициялық белсенділік
8. Кредиттеу шарттары
9. Салалардағы борыштық жүктеме
10. Валюта бағамының әсері
11. Қорытындылар

Салалық құрылым

Пікіртерім туралы мәлімет	
Пікіртерім мақсаты	➢ Салалардың бизнес конъюнктурасындағы негізгі үрдістерді анықтау
Респонденттер	➢ Кәсіпорындардың басшылары, қаржы бөлімдерінің қызметкерлері
Пікіртерім әдісі	➢ Сауалнама
Пікіртерім жүргізу кезеңі	➢ 2026 жылғы III-тоқсан
Іріктеме туралы мәлімет	
Тау-кен өндіру өнеркәсібінің кәсіпорындары	➢ 245
Өңдеу өнеркәсібінің кәсіпорындары	➢ 813
Құрылыс кәсіпорындары	➢ 326
Сауда саласының кәсіпорындары	➢ 960
Көлік және қоймада сақтау кәсіпорындары	➢ 280
Ауыл шаруашылығы	➢ 186
Іріктеме бойынша кәсіпорындардың барлығы	➢ **2 810**

Бәсекелестік орта

1-график. Ірі және орта кәсіпорындардың үлесі, %



2026 жылғы III-тоқсанда іріктеменің жартысынан астамын **тау-кен өндіру өнеркәсібі (63,7%), ауыл шаруашылығы (60,8%), құрылыс (56,4%)** және **өңдеу өнеркәсібі (55,8%)** саласындағы ірі және орташа кәсіпорындар құрады.


Іріктеменің жартысынан азы **көлік, қоймада сақтау және сауда** саласындағы ірі және орта кәсіпорындар болды.

2026 жылғы III-тоқсанда бәсекелестіктің маңыздылығы өңдеу өнеркәсібі мен ауыл шаруашылығында артты.

Сауда нарықтық бәсекелестік барынша әсер ететін сала болуда, мұнда кәсіпорындардың **45,7%**-ы оның өз бизнесіне әсерін сезінуде.


Өңдеу өнеркәсібінде мұндай кәсіпорындардың үлесі **39,0%**, **көлік пен қоймада сақтауда** – **29,6%, құрылыста – 26,7%, ауыл шаруашылығында** – **23,7%**, ал **тау-кен өндіру өнеркәсібінде 14,7%** болды.

2-график. Нарықтық бәсекелестікті кедергі ретінде көрсеткен кәсіпорындардың үлесі, %




Сұраныс пен баға динамикасы


3-график. Тау-кен өндіру өнеркәсібі, ДИ*




4-график. Өңдеу өнеркәсібі, ДИ




5-график. Құрылыс, ДИ




6-график. Сауда, ДИ



7-график. Көлік және қоймада сақтау, ДИ



8-график. Ауыл шаруашылығы, ДИ



Сұраныс Дайын өнім бағасы Шикізат бағасы


2026 жылғы III-тоқсанда ауыл шаруашылығын қоспағанда, барлық салада **дайын өнімге сұраныс** төмендеді. 2026 жылдың IV-тоқсанында тау-кен өндіру өнеркәсібінен басқа барлық сала кәсіпорындары дайын өнімге сұраныстың артуын күтеді.

2026 жылғы III-тоқсанында **дайын өнім, шикізат және материалдар бағасының** өсуі барлық салаларда баяулады, алайда ДИ жоғары деңгейде сақталуда. 2026 жылдың IV-тоқсанында өңдеу өнеркәсібі, құрылыс, сауда, көлік және қоймалау салаларында дайын өнім бағасының өсу қарқыны баяулайды деп күтілуде, ал кәсіпорындар күткен шикізат пен материалдардың бағасы барлық салаларда баяулайды.


*ДИ, диффузиялық индекс 50 деңгейінен неғұрлым жоғары (төмен) болса, көрсеткіштің ықпалы соғұрлым оң (теріс), 50 деңгейі ықпалдың болмауын білдіреді
** 2026 жылғы IV-тоқсандағы кәсіпорындардың күтулері келтірілген.

Өндіріс көлемі және еңбек шығындары


9-график. Өндіріс көлемінің өзгерісі[1], ДИ[2]



10-график. Қызметкерлер санындағы өзгеріс[1], ДИ



11-график. Орташа жалақыны төмендеткен кәсіпорындардың үлесі[1], %



2026 жылғы III тоқсанда құрылыста **өндіріс көлемі** бойынша ДИ жақсарғаны атап өтілді. 2026 жылғы IV тоқсанда ауыл шаруашылығы мен құрылыстан басқа барлық салаларда өндіріс көлемінің ұлғаюы күтілуде.

Жұмыспен қамтылғандар саны бойынша:

- тау-кен өндіру өнеркәсібі, ауыл шаруашылығы, көлік және қоймалау салаларында төмендеу;
- өңдеу өнеркәсібі мен сауда салаларындағы оң динамиканың әлсіреуі, бұл ретте ДИ оң аймақта болуды жалғастырды;
- құрылыс саласындағы динамиканың жақсаруы, алайда ДИ бейтарап деңгейден төмен болып қалды.

2026 жылғы III-тоқсанда қызметкерлердің **жалақысын төмендеткен** кәсіпорындардың үлесі құрылыстан басқа, барлық салада қысқарды. 2026 жылғы IV-тоқсанда тау-кен өндіру өнеркәсібі мен ауыл шаруашылығын қоспағанда барлық салада жалақыға қатысты жағдайдың жақсаратыны күтіледі.


[1] Маусымдық көрсеткіштер қосылмаған деректер

[2] ДИ, диффузиялық индекс, 50 деңгейінен қаншалықты жоғары (төмен) болса, көрсеткіштің оң (теріс) әсер етуі соншалықты, 50 деңгейі әсер етудің болмағанын білдіреді


* Графиктерде 2026 жылғы IV-тоқсан бойынша кәсіпорындардың күтімі көрсетілген

Өндірістік қуаттарды пайдалану деңгейі

12-график. Салалар бойынша өндірістік қуаттардың орташа өлшемді* жүктемесі, %**



13-график. Өндірістік қуат жүктемесінің 2026 жылғы III-тоқсандағы деңгейі, кәсіпорындар үлесі %-бен



2026 жылғы III-тоқсанда **өндірістік қуаттардың** орташа өлшемді **жүктемесі (ӨҚЖ)** тау-кен өндіру өнеркәсібі мен құрылыстан басқа барлық салада өсті. ӨҚЖ-ның ең жоғары деңгейі тау-кен өндіру өнеркәсібінде (**57,2**%).

Ауыл шаруашылықта ӨҚЖ бар жоғары кәсіпорындардың үлесі басқа салаларға қарағанда **90%** көбірек.

** Орташа арифметикалық өлшем – өндірістік қуаттар жүктемесінің деңгейі туралы сұраққа берілген жауаптар үлесі бойынша өлшенген аралықтың орташа мәні.*
*** Маусымдық көрсеткіштер қосылмаған деректер*

Кәсіпорындардың қаржылық көрсеткіштері

1-кесте. Негізгі көрсеткіштердің медианалық мәні*

	АӨК	ЖТҚК	ААК	СР**, %	ӨҚК	ААҚҮ, %
Тау-кен өндіру өнеркәсібі	1,43	1,79	0,20	37,7	0,61	52,3
Өңдеу өнеркәсібі	1,48	1,63	0,25	25,3	0,44	65,3
Құрылыс	1,16	1,32	0,21	21,3	0,26	77,5
Сауда	1,28	1,30	0,38	21,0	0,31	81,6
Көлік және қоймада сақтау	1,30	1,71	0,15	30,1	0,50	39,0
Ауыл шаруашылығы	1,42	1,44	0,08	28,8	0,40	43,5

2026 жылғы III-тоқсанда **кәсіпорындардың қаржылық-шаруашылық қызметінің негізгі көрсеткіштері** мынадай болып қалыптасты:

- тау-кен өндіру кәсіпорындарының (**АӨК=1,48**) өтімділігі барынша жоғары;
- тау-кен өндіру кәсіпорындары (**ЖТҚК=1,79**) барынша төлемге қабілетті болып табылды
- саудадағы іскерлік белсенділік басқа салаларға қарағанда айтарлықтай жоғары (**ААК=0,38**);
- тау-кен өндіру кәсіпорындары неғұрлым тиімді (**СР=37,7%**) , сауда кәсіпорындары аса тиімді емес (**СР=21,0%**) болып қалды;
- тау-кен өндіру өнеркәсібі кәсіпорындарында **(ӨҚК=0,61)** өз қаражаты есебінен инвестицияларды қаржыландыру мүмкіндігі басқа салаларға қарағанда жоғары;
- сауда кәсіпорындары активтерінің басым бөлігі айналым қаражаты болып табылды (**ААҚҮ=81,6%**).


2-кесте. Қаржылық көрсеткіштердің сипаттамалары

	Есептеу формуласы	Қысқаша сипаттама
АӨК (ағымдағы өтімділік коэффициенті)	Ағымдағы активтер/Қысқа мерзімді міндеттемелер	Кәсіпорынның қысқа мерзімді міндеттемелерін ағымдағы активтер есебінен өтеу қабілетін сипаттайды. Көрсеткіштің жоғары мәні, әдетте, кәсіпорынның қысқа мерзімді міндеттемелерін орындау қабілетінің жоғары екенін көрсетеді.
ЖТҚК (жалпы төлем қабілеттілік коэффициенті)	Активтер/Міндеттемелер	Кәсіпорынның барлық міндеттемесін (қысқамерзімді және ұзақмерзімді) оның барлық активімен өтеу қабілеттілігін көрсетеді.
ААК (активтердің айналымдылық коэфф-і)	ӨСТ/Активтер *ӨСТ – өнімді сатудан түскен түсім*	Активтерді пайдалану қарқындылығын (айналым жылдамдығын) көрсетеді. Кәсіпорынның іскерлік белсенділігінің көрсеткіштері ретінде пайдаланылады.
СР (сату рентабельділігі)	(ӨСТ-ӨӨҚ)/ӨСТ *ӨӨҚ – өнімнің өзіндік құны*	Ұйым түсімінің қандай бөлігі пайданы (салық салынғанға дейін және пайыздар мен амортизация бойынша шығыстар шегерілгенге дейін) құрайтынын көрсететін ұйым қызметінің қаржылық нәтижелілігінің көрсеткіші
ӨҚК (өзін-өзі қаржыландыру коэффициенті)	МК/(МК+Міндеттемелер) *МК – меншікті капитал*	Меншікті инвестициялық қаражаттың инвестициялауға қажетті жалпы қаражатқа қатынасы
ААҚҮ (активтегі айналым қаражатының үлесі)	Ағымдағы активтер/Активтер*100	Кәсіпорын активтерінің жалпы көлеміндегі ағымдағы активтердің үлесін сипаттайды.


*Орташа деңгейдің экстремалдық мәндердің әсеріне байланысты болуына қатысты медианалық мәндер келтірілген

Кәсіпорындардың қаржылық көрсеткіштері


14-график. Ағымдағы өтімділік коэффициентінің динамикасы (АӨК)




15-график. Өзін-өзі қаржыландыру коэффициентінің динамикасы (ӨҚК)



16-график. Активтер айналымдылығы коэффициентінің динамикасы (ААК)



17-график. Жалпы төлем қабілеттілік коэффициентінің динамикасы (ЖТҚК)



Тау-кен өндіру өнеркәсібі | Өңдеу өнеркәсібі | Құрылыс | Сауда | Көлік және қоймада сақтау | Ауыл шаруашылығы


2026 жылғы III-тоқсанда құрылыстан, көліктен және қоймалаудан басқа барлық салаларда кәсіпорындардың **өзінің қысқа мерзімді міндеттемелерін өтеу қабілеті жақсарды** (АӨК ұлғайды). Инвестицияларды өз қаражаты есебінен қаржыландыру мүмкіндігі ауыл шаруашылығы мен құрылыстан басқа барлық салаларда ұлғайды.

Ауыл шаруашылығы, көлік және қоймалаудан басқа барлық салаларда іскерлік белсенділіктің (ААК) жақсарғаны байқалды. Кәсіпорындардың жалпы төлем қабілеттілігі (КЖТҚ) тау-кен өнеркәсібі, көлік және қоймалаудан басқа барлық салаларда ұлғайды.


Орташа деңгейдің экстремалдық мәндердің әсеріне байланысты болуына қатысты медианалық мәндер келтірілген
Қаржылық көрсеткіштердің есептеу формулалары мен сипаттаулары 2-кестеде келтірілген (8-бет)
ААК бойынша тау-кен өндіру және өңдеу өнеркәсібі, құрылыс және сауда салаларында маусымдық тазартылған деректер келтірілген

Кәсіпорындардың қаржылық көрсеткіштері


18-график. Сату көрсеткішінің орташа рентабельділігі*,%



19-график. Сату рентабельділігінің динамикасы*, %



20-график. Қаржылық жылды табыспен/шығынмен аяқтауды болжайтын кәсіпорындардың үлесі,%



Сату тиімділігі (салық салғанға дейін және пайыздар мен амортизация төлеу бойынша шығыс шегерілгенге дейін) 2026 жылғы III-тоқсанда өңдеу өнеркәсібінен басқа барлық салаларда төмендеді. Тау-кен өндіру өнеркәсібінде сату тиімділігі басқа салаларға қарағанда айтарлықтай жоғары.


Қаржы жылын кіріспен жабуды жоспарлап отырған кәсіпорындардың ішінде өңдеу өнеркәсібі саласының бағалауы барынша жоғары (49,6%).

Қарастырылып отырған барлық салаларда жылды пайдамен жабуды жоспарлап отырған кәсіпорындардың үлесі жылды шығынмен аяқтауды күтетіндердің үлесінен көп.


*Орташа арифметикалық мәннің экстремалдық мәндердің әсеріне тәуелділігі жоғары болуына қатысты медианалық мәндер келтірілген

Инвестициялық белсенділік

21-график. Кәсіпорындардың инвестициялық белсенділігін шектеуші факторлар, %



22-график. Кәсіпорындардың келесі 12 айдағы инвестициялау деңгейінің өзгерісі бойынша күтулері, %




2026 жылғы III-тоқсанда кәсіпорындарға бизнесті жүргізуде:
- сауда және өңдеу өнеркәсібі үшін **нарықтық бәсекелестік**;
- тау-кен өндіру өнеркәсібі, құрылыс, көлік және қоймада сақтау үшін **салық ауыртпалығының деңгейі**;
- ауыл шаруашылығы үшін **білікті кадрлардың жетіспеушілігі** негізгі кедергі болды.

Алдағы 12 айда барлық сала бойынша инвестицияларды қаржыландыру негізінен бұрынғы көлемде сақталады, бұл ретте көлік пен қоймада сақтауда (10,0%) ең көп ұлғаюы күтілуде. Инвестициялардың қысқаруы бойынша ең теріс күтулер тау-кен өндіру өнеркәсібінде (14,7%) қалыптасты.

Кредиттеу шарттары


23-график. Кредиттеу шарттары қолайлы деңгейден жоғары кәсіпорындардың үлесі, %



3-кесте. Кредиттеудің орташа мөлшерлемесі, %

	Теңгемен		Шетел валютасымен	
	нақты	қолжетімді	нақты	қолжетімді
Тау-кен өндіру өнеркәсібі	20,5	6,4	6,7	2,4
Өңдеу өнеркәсібі	16,3	7,4	5,0	2,8
Құрылыс	20,8	10,5	5,0	3,9
Сауда	19,7	8,3	5,5	3,1
Көлік және қоймада сақтау	17,6	7,6	5,3	2,9
Ауыл шаруашылығы	11,4	7,1	4,1	2,9

24-график. Кредит алуды көздеген кәсіпорындар, %



2026 жылғы III-тоқсанда құрылыс пен сауданы қоспағанда, барлық салада банктік кредиттеу шарттары тиімсіз болатын кәсіпорындар үлесі артты.


Кредиттеу шарттары тиімді деңгейден жоғары болған кәсіпорындардың ең көп саны ауыл шаруашылығына (19,4%), ал ең азы көлік және қоймада сақтау саласына (13,6%) тиесілі.

Теңгемен алынған кредиттер бойынша ең жоғары пайыздық мөлшерлеме құрылыста (20,8%), ал шетел валютасында - тау-кен өндіру өнеркәсібінде (6,7%) байқалды.


2026 жылғы IV-тоқсанда кредит алуға ниетті кәсіпорындардың ең көп үлесі өңдеу өнеркәсібіне (23,3%), ал ең азы көлік және қоймада сақтау (7,9%) саласына тиесілі.

Кредиттеу шарттары


25-график. Орташа өлшемді* кредиттік жүктеме,%**



26-график. Банк кредиттері бойынша мерзімі өткен* берешегі бар кәсіпорындардың үлесі, %**



27-график. Кредит алуға берілген өтініштерді қарау нәтижесі, саны



2026 жылғы III-тоқсанда құрылыс саласындағы орташа өлшемді кредиттік жүктеме **(16,1%)** басқа салаларға қарағанда жоғары болды. Бұл көрсеткіштің ең аз мәні ауыл шаруашылығы **(9,5%)** саласында байқалды.

Банктердің қарыздары бойынша мерзімі өткен берешегі бар кәсіпорындардың үлесі өңдеу өнеркәсібі, құрылыс, көлік және сақтау салаласында өсті, бірақ төмен болып қалуда.


2026 жылғы III-тоқсанда барлық саладағы пікіртерімге қатысқан 20 кәсіпорынға кредит берілмеді.

*Орташа салмақтанған мән - бұл жауаптар үлесі бойынша салмақтанған интервалдың орташа мәні
** Ай сайынғы төлем / өнімді сатудан түскен кіріс * 100
*** 90 күннен астам


Салалардағы борыштық жүктеме

2026 жылғы III-тоқсанның нәтижесі бойынша экономика бойынша орта есеппен* мерзімі өткен (90 күннен астам) **дебиторлық берешегі** бар кәсіпорындардың үлесі **24,4%-дан 24,6%-ға** дейін шамалы ұлғайды, ал **кредиторлық берешек** бойынша осындай көрсеткіш **20,4%-дан 19,6%-ға** дейін біршама төмендеді.

28-график. Мерзімі өткен дебиторлық берешек (%)




29-график. Мерзімі өткен кредиторлық берешек (%)



* Экономика бойынша орташа көрсеткіштер ҚРҰБ жүргізетін нақты сектор кәсіпорындарының мониторингіне қатысушылардың барлығының деректері негізінде есептеледі. Бұл көрсеткіштер графиктерде тік сызық түрінде күрең қызыл түспен және тиісті цифрлық мәнмен белгіленген.

Валюта бағамының әсері


30-график. Есеп айырысуда шетел валютасын қолдану (кәсіпорындардың үлесі, %)




Ресей рублі өңдеу өнеркәсібі, сауда мен ауыл шаруашылығы саласында басым, ал құрылыста АҚШ доларымен қатар есеп айырысудың негізгі валютасы болды. АҚШ доллары тау-кен өндіру, көлік және қоймада сақтау саласында басым.

2026 жылғы III-тоқсанда көлік пен қоймада сақтау кәсіпорындары есеп айырысуда теңгені барлығынан көп пайдаланды.

31-график. Теңге бағамының Ресей рубліне қатысты өзгеруінің кәсіпорын қызметіне ықпалы (тоқсан ішінде салалар бойынша ДИ*)



32-график. Теңге бағамының АҚШ долларына қатысты өзгеруінің кәсіпорындар қызметіне ықпалы (тоқсан ішінде салалар бойынша ДИ*)



2026 жылғы III-тоқсанда құрылысты қоспағанда, барлық саладағы кәсіпорындар үшін теңгенің **Ресей рубліне** қатысты бағамы өзгеруінің теріс әсері төмендеді. Теңгенің АҚШ долларына қатысты бағамы өзгеруінің теріс әсері тау-кен өндіру өнеркәсібі мен құрылысты қоспағанда, барлық салады төмендеді.

* ДИ, диффузиялық индекс 50 деңгейінен неғұрлым жоғары (төмен) болса, көрсеткіштің ықпалы соғұрлым оң (теріс), 50 деңгейі ықпалдың болмауын білдіреді

Қорытындылар

- **Бәсекелестіктің** неғұрлым жоғары **дәрежесі бұрынғыдай** сауда саласында **сақталып отыр**.
- 2026 жылғы **III-тоқсанда** ауыл шаруашылығынан басқа барлық салада **дайын өнімге сұраныстың** төмендегені байқалды. 2026 жылғы IV-тоқсанда тау-кен өндіру өнеркәсібінен басқа барлық саланың кәсіпорындары дайын өнімге сұраныстың жақсаруын күтеді.
- 2026 жылғы III-тоқсанда **дайын өнім, шикізат және материалдар** бағасының өсуі барлық салаларда баяулады, алайда ДИ жоғары деңгейде сақталуда. 2026 жылдың IV тоқсанында өңдеу өнеркәсібі, құрылыс, сауда, көлік және қоймалау салаларында дайын өнім бағасының өсу қарқыны баяулайды деп күтілуде, ал кәсіпорындар күткен шикізат пен материалдардың бағасы барлық салаларда баяулайды.
- 2026 жылғы III-тоқсанда құрылыстағы **өндіріс көлемі** бойынша ДИ жақсарғаны байқалды, бұл ретте көрсеткіш бейтарап белгіден төмен. 2026 жылдың IV тоқсанында ауыл шаруашылығы мен құрылыстан басқа барлық салаларда өндіріс көлемінің ұлғаюы күтілуде.
- Тау-кен өндіру өнеркәсібі мен құрылыстан басқа барлық салада **өндірістік қуаттардың орташа өлшемді жүктемесі** артты. Осы көрсеткіштің ең жоғары мәні тау-кен өндіру өнеркәсібінде сақталуда.
- **Сату рентабельділігі** 2026 жылдың III-тоқсанында өңдеу өнеркәсібін қоспағанда, бірқатар салаларда аздап төмендеді. Тау-кен өнеркәсібіндегі сату рентабельділігі басқа салаларға қарағанда жоғары.
- Өңдеу өнеркәсібі, сауда және ауыл шаруашылығы салаларындағы есеп айырысуда Ресей рублі басым болып отыр, ал құрылыста АҚШ долларымен қатар негізгі есеп айырысу валютасы болады. Бұл ретте АҚШ доллары тау-кен өндіру өнеркәсібі, көлік және қоймада сақтау салаларында басым болады.
- 2026 жылғы III-тоқсанда құрылыстан басқа барлық саладағы кәсіпорындар теңге бағамының **Ресей рубліне** қатысты өзгеруінің өз қызметіне теріс әсерінің азайғанын атап өтеді. Сондай-ақ, теңгенің АҚШ долларына қатысты бағамының өзгеруінің теріс ықпалы тау-кен өндіру өнеркәсібі мен құрылысты қоспағанда, барлық салаларда жұмсарды.
- Мерзімі өткен (90 күннен астам) **дебиторлық берешегі** бар кәсіпорындардың үлесі шамалы артты, ал **кредиторлық берешек** бойынша ұқсас көрсеткіш шамалы төмендеді.